


Қаржылық көрсеткіштер

млн теңге	№	12А 2022Ф	12А 2023Ф	Өзг.	2024 Ж
Түсім	[1] [2]	946 570	815 973	-14%	877 783
Өзіндік құн	[3]	941 261	812 942	-14%	875 648
Жалпы пайда	[4]	5 309	3 031	-43%	2 135
Жалпы пайда бойынша рентабельділік		0,6%	0,4%	-34%	0,2%
ЕБИТДА		-3 916	-51 171	1207%	12 091
ЕБИТДА бойынша рентабельділік		-0,4%	-6%	1416%	1%
Таза пайда	[5]	-16 943	-47 273	179%	11 441
Таза пайда бойынша рентабельділік		-2%	-6%	224%	1%
Операциялардан таза ақша ағыны	[6]	-1 877	-2 703	44%	-6 285
Капитальные затраты	[7]	18 056	16 154	-11%	48 014
млн теңге	№	31 жел. 22	31 жел. 23	Өзг.	2024Ж
Қарыздар		51 319	66 771	30%	-
Меншікті капитал		671 226	612 577	-9%	564 309
Активтер		755 965	723 276	-4%	588 627

\* Ф – факт, П – 2024 жылға жоспар

Қаржылық коэффициенттер (бағалау)




1. Түсім құрылымында негізгі үлес алтынды сатудан түскен табыс болды (шамамен 99%).
2. Түсімнің қысқаруы негізінен тазартылған алтынды өткізу көлемінің 20%-ға төмендеуімен байланысты. Осы орайда 2023 жылдың 12 айындағы орташа баға бір унция үшін \$1 954 долларды құрады. Былтыр осы кезеңде бір унция үшін \$1 802 болды.
3. Өзіндік құн құрылымында құрамында алтыны бар шикізатты (99%-дан астам) сатып алуға арналған шығыстар басым болды. Негізгі басқа шығындар жалақыға, негізгі құралдардың тозуына және тазартылған алтын өндірісінде қолданылатын материалдарға байланысты.
4. Жалпы пайда бойынша динамика АҚШ долларына қатысты ҚР Ұлттық валютасының (теңге) бағамының нығаюынан туындады.
5. Пайданың төмендеуі қауымдастырылған ұйымдардан үлестік шығын алуға және құнсыздану бойынша резервтер құруға байланысты.
6. Операциялық қызметтен түсетін таза ақша ағынының өсуі алтын бағасының өсуімен байланысты.
7. Есепті кезеңде келтірілген күрделі шығындар Шалқия, Алайғыр және Солтүстік Қатпар инвестициялық жобаларын іске асыру бойынша шығындармен ұсынылған («Күрделі шығындар» бөлімін қараңыз).

Күрделі шығындар

млн теңге

2023 жылдың 12 айындағы факт



**ШалқияЦинк**

**2023 ж. 12 айы** – шығыстар негізінен тау-кен-күрделі жұмыстарды (ТҚЖ) жүргізуге, базалық инжинирингке және қарызға қызмет көрсету бойынша шығындарға жұмсалады.

**2024 ж.** – БФ және ҚҚ құрылысына тендерлік рәсімдерді қайта бастау, ТШЖ сатып алуға тендерлік рәсімдерді іске қосу күтілуде.

**Алайғыр**

**2023 ж. 12 айы** – Күрделі шығыстар негізінен қарызға қызмет көрсету, технологиялық жабдықтар, ТДЖ және БФ ҚМЖ бойынша шығындармен ұсынылды.

**2024 ж.** – Жобаның негізгі параметрлерін өзектендіру; тендерлік рәсімдерді өткізу және БФ және ҚҚ бойынша ҚМЖ аяқтауға шарттар жасасу; негізгі технологиялық жабдықты жеткізу.

**Солтүстік Қатпар және Жоғары Қайрақты**

**2023 ж. 12 айы** – Жоғары Қайрақты кен орнында тау-кен жұмыстарының жоспарын және жою жоспарын әзірлеу және Feasibility Study есебін (3-кезең), оның ішінде Солтүстік Қатпар кен орнында әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілді.

**2024 ж.** – JORC кодексінің стандарттары бойынша Солтүстік Қатпар және Жоғары Қайрақты кен орындарының қорларын бағалауды қамтитын Feasibility Study есептерін әзірлеу жұмыстары аяқталды. 2024 жылы мемлекеттік сараптамадан өтіп, Солтүстік Қатпар кен орнының ТЭН-ін игеру бойынша жұмыстар аяқталады деп күтілуде.

Шалқия

Алайғыр

Солтүстік Қатпар және Жоғары Қайрақты